

2026 жылғы II тоқсанда денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы

Жариялау күні: 31.08.2026

Келесі жариялау күні:

30.11.2026

[1. Негізгі тұстары](#)

[2. Динамика](#)

[3. Глоссарий](#)

[4. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

[5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

[6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі сәттер

2026 жылғы II тоқсанда Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету ұйымдарымен қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемі 1054920,9 млн. теңгені құрады, оның ішінде 49,8 % - ӘлМСҚ қаражат есебінен, 20,8% - бюджет есебінен, 20,4% - халықтан түскен қаражат есебінен, 9,1% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең үлкен көлемі ауруханалық мекемелердің қызметі есебінен қалыптасты, олар 532811,2 млн. теңге (50,5%) сомасында қызмет көрсетті. Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметті жүргізетін ұйымдар 175459,2 млн. теңге (16,6%) сомасында қызмет көрсетті және жалпы дәрігерлік тәжірибемен айналысатын ұйымдар 164531,3 млн.теңге (15,6%) сомасында.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең аз көлемін стоматологиялық қызметпен айналысатын ұйымдар – 61845,8 млн. теңге (5,9%) сомасында және арнайы дәрігерлік тәжірибемен айналысатын ұйымдар – 61225,1 млн.теңге (5,8%) сомасында, тұруды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар – 42118,6 млн. теңге (3,9%) сомасында, тұруды қамтамасыз етудің әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар – 16929,7 млн.теңге (1,6%) сомасында қызмет көрсетті.

2026 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің 58,4% мемлекеттік меншік ұйымдары, 38,2% жеке меншік ұйымдары және 3,4% шетелдік меншік ұйымдары ұсынды.

Есепті кезеңде қызметтің негізгі түрі бойынша ірі кәсіпорындар ұсынған көрсетілген қызметтер көлемі 589526,3 млн.теңгені (55,9%), шағын кәсіпорындар – 288822,8 млн. теңгені (27,4%) және орта кәсіпорындар – 176571,8 млн. теңгені (16,7%) құрады.

Электрондық кестелер:

[2026 жылғы II тоқсанда Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі](#)

2. Динамика

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі

мың теңге

Барлығы	II тоқсан	
	2025	2026
Денсаулық сақтау саласында көрсетілген қызметтер көлемі	965 217 090	1 054 920 883
Тұратын орынды қамтамасыз етумен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтер көлемі	38 380 608	42 118 590
Тұратын орынды қамтамасыз етудің әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтер көлемі	15 009 050	16 929 655

3. Глоссарий

Көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан және (немесе) тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) оларға көрсетілген қызметтер үшін төлеміне түскен қаржы көлеміндегі денсаулық сақтау ұйымдары көрсеткен қызметтердің құны болып табылады және ол өз кезегінде алынған немесе алынуға тиіс табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланатын ұйымның табысы ретінде бағаланады.

Қызмет – кәсіпорынның іске асыратын кез-келген басқа қызметтерінің қосылған құнынан асатын қосымша құн қызметтерінің түрі саналады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғам – КЕАҚ ӘМСҚ.

Қызметтің негізгі түрі - қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі - үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізгіден басқа қызмет түрі.

4. Әдіснамалық түсініктемелер

Электрондық кестелерде денсаулық сақтау саласында қызмет көрсететін кәсіпорындардың меншіктік, мөлшерліктің барлық нысанындағы қызметтің негізгі түрі денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың статистикалық деректері ұсынылды.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі, сондай-ақ бюджет қаражаты мен кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалған көрсетілген қызметтер көлемі қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

Халық төлеген көрсетілген қызметтер көлемінақты төленген сомалардың мөлшерінде (яғни, ҚҚС-ты есепке алумен) көрсетіледі.

5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім \(2026 жылғы қаңтар-маусым \(жедел деректер бойынша\)\)](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Сапа бойынша есеп](#)

["Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

